

"Кербұлақ ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" Кербұлақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 13-104 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 31 -245 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 желтоқсанда № 37647 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 4-тармағымен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес Кербұлақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Кербұлақ ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" Кербұлақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 13-104 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 186-19 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің ресми жарияланғанынан кейін оның Кербұлақ аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Кербұлақ аудандық мәслихатының аппарат басшысына жүктелінсін.

4. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Кербұлақ аудандық мәслихатының төрағасы

К. Бекиев